

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округінің Переметный және Калинин ауылдарының кейбір көшелерін қайта атау туралы

Батыс Қазақстан облысы Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округі әкімінің 2022 жылғы 8 желтоқсандағы № 125 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 14 желтоқсанда № 31113 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 35-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Переметный және Калинин ауылдары тұрғындарының пікірін ескере отырып, Батыс Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 28 сәуірдегі қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округінің Переметный ауылының келесі көшелері:

- 60 лет КССР көшесі Ақсай көшесіне;
- Кооперативная көшесі Қайнар көшесіне;
- Ломаная көшесі Алтай көшесіне;
- Молодежная көшесі Бірлік көшесіне;
- Первомайская көшесі Медеу көшесіне;
- Почтовая көшесі Арман көшесіне;
- Родниковая көшесі Арасан көшесіне;
- Ростошинская көшесі Жанша Досмұхамедұлы көшесіне;
- Сенная көшесі Жайық көшесіне;
- Чапаева көшесі Ақ Орда көшесіне;
- Громова көшесі Алпамыс батыр көшесіне қайта аталсын.

2. Батыс Қазақстан облысының Бәйтерек ауданы Переметный ауылдық округінің Калинин ауылының келесі көшелері:

- Калинин көшесі Сарайшық көшесіне;
- Кирова көшесі Құрманғазы көшесіне;
- Куйбышева көшесі Әл - Фараби көшесіне;
- Фрунзе көшесі Абай көшесіне;
- Энгельса көшесі Тұран көшесіне қайта аталсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК